

**2022 жылдың мамыр айының 1-ші онкүндігіне
қысқаша агрометеорологиялық шолу**

Мамыр айының бірінші онкүндігінде республиканың оңтүстігінде орын алған метеорологиялық жағдайлар тау бөктеріндегі аудандарда дала жұмыстарының аяқталуын біршама қиындатқан Алматы облысынан басқа аймақтарда жаздық дәнді дақылдарды себу науқаны аяқталды. Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарының жеке аудандарында көктемгі дала жұмыстары, тырмалау, сүдігер жырту, тыңайтқыштар енгізу және жаздық дәнді дақылдарды себу жұмыстары жалғасуда.

Шығыс Қазақстан облысында топырақты алдын ала дайындағаннан кейін (жырту, тырмалау және түптерді аршу) күнбағыс тұқымын себуге кіріскен, жұмыс сапасы өте жақсы және жақсы.

Алматы және Қарағанды облыстарында топырақты өңдеуге және картоп отырғызуға кіріскен, жүргізілетін дала жұмыстарының сапасы өте жақсы және жақсы. Қарағанды облысының Агродорок және Киевка станцияларының маңайындағы учаскелерде картоп отырғызуға органикалық тыңайтқыштар енгізуге кіріскен.

Жамбыл облысының Сарыкемер агропостының маңайындағы бақылау учаскелерінде пияздың ерте егілген егістіктерінде алғашқы өскіндер пайда болған, өсімдіктердің жағдайы жақсы. Олар пияз екпелерінде өсімдіктерді суаруға және арамшөптерді гербицидтерімен өңдеуге кіріскен.

Республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында күздік бидайдың өсуі мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар байқалған, жауын-шашын топырақтағы ылғал қорын толықтырған. Даму фазасы «түптену» - «төменгі сабағының түйінінің пайда болуы», Шымкент станциясының маңайында – «гүлдену».

Еліміздің оңтүстігінде жылу сүйгіш дақылдарды (дәндік жүгері, күріш, мақта, қант қызылшасы, соя) егін жалғасуда, жұмыс сапасы жақсы.

Елдің оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында жеміс дақылдары бар бақтарда (алма, шие, алмұрт) дамудың негізгі кезеңі «гүлденудің соңы» – «жемістердің пайда болуы», таңқурайда – «гүл шоғырының пайда болуы», дақылдардың жағдайы өте жақсы және жақсы.

Республиканың оңтүстік өңірлерінде барлық жерде көпжылдық шөптердің (жоңышқа, беде, эспарцет) егістіктерінде «сабақтың өсуі» – «гүлдену» фазасы байқалған.

Қостанай және Қарағанды облыстарының Әуликөл (Диевская станциясы) және Қарасу (Железнодорожный станциясы) аудандарында бақыланатын учаскелерде еркекшөп шөптерінің жағдайы жақсы.

Павлодар облысының бақылау учаскелерінде еркекшөп шөптерінің жағдайы көбінесе қанағаттанарлық, Андриановка агропосты мен Лозовая станцияларының маңайында шөптердің малмен тапталуы байқалатын шабындықтарда нашар.

Өткен онкүндікте мал шаруашылығы жайылымының барлық аумағында ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін ауа райы қолайлы болған, мал жаю барлық жерде жүргізілген. Қазіргі уақытта көктемгі жасыл жайылымдық өсімдіктердің биіктігі 20-22 см, оның ішінде дәнді дақылдар, түрлі шөптер бар және мұндай жағдайлар мал жаю үшін қолайлы болған.

Төлдеу науқаны, қой қырқу және ветеринариялық іс-шаралар жалғасуда.

Маңғыстау облысының Қызыл станциясы ауданында мал жаю жағдайлары күрделенген күндер саны (жаюдың толық емес күні) 3 тәулік ішінде болған. Мал жаю жағдайларының едәуір нашарлауы қатты жауын-шашынмен байланысты, онкүндікте станцияда 67 мм жауын-шашын түскен.

Жайылымдық мал шаруашылығының басым аумағында шөптің жақсы жағдайы байқалған, шөптің жақсы жағдайы Ақтөбе облысының Шалқар және Ырғыз аудандарында, Алматы облысының Еңбекшіқазақ және Балқаш аудандарында, Қарағанды облысының Шет ауданында және Түркістан облысының Созақ ауданында байқалған.

Жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы жайылымдар қатты тапталған. Шымның жағдайы, көбінесе, дымқыл, кей жерлерде құрғақ.

Жамбыл және Түркістан облыстарында топырақтың өнімді ылғал қоры оңтайлы, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында жеткіліксіз-қанағаттанарлық, республиканың қалған аумағында топырақ ылғалының қанағаттанарлық жағдайлары қалыптасқан.